

Техникалық сипаттама**(ЛОТ № 23)**

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Наноспектрофотометр	<p>Наноспектрофотометр UV/Vis – әртүрлі үлгілердің концентрациясын жылдам әрі дәл сандық анықтау және тазалығын бағалау үшін арналған құрылғы. Үлгілерді кюветада да, микрокөлемде де өлшеуге мүмкіндік береді. Жеке толқын ұзындықтарын да, толық спектрлерді де өлшеу және талдау мүмкіндігі бар.</p> <p>Дисплей: 7,0 дюйм сенсорлы ЖК экран USB-A порттары: 2 дана Мүмкіндіктері:</p> <ul style="list-style-type: none"> Деректерді USB арқылы резервтік көшіру Бірнеше пайдалануыш үшін ID жасау Экран суретін BMP форматында түсіріп, USB жинақтағышка сақтау <p>Жұмыс режимдері: нуклеин қышқылдары (дЦДНҚ, оЦДНҚ, РНҚ, олигонуклеотидтер), ақуыздар (Бредфорд, Лоури, BSA, Биурет, тікелей УФ және толқын ұзындығын қолмен орнату), жасушалық мәдениеттер, соңғы нүктесе, кинетикалық спектр, спектр.</p> <p>Бағдарламалық жасақтама: кірістірілген, кажет болған жағдайда жаңартуға мүмкіндік бар</p> <p>Техникалық сипаттамалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> Жарық көзі: ксенон импульстік шам Детектор: CCD (2048 пиксель) Толқын ұзындығының дәлдігі: ± 1 нм Толқын ұзындығы диапазоны: 190–1100 нм (қадам – 1 нм) Спектралдық ажырату қабілеті: 2,0 нм Өлшемі: $220 \times 280 \times 220$ мм Салмағы: 3 кг Кернеу: 100–240 В, 50–60 Гц Куат тұтыну: 80–100 Вт Жад: 32 ГБ Кювета сипаттамасы: <ul style="list-style-type: none"> Сәуле биіктігі: 8,5 мм Сініру диапазоны: 0,002 – 2,0 абс Өлшеу уакыты: 3 сек Микрокөлем үлгілері сипаттамасы: <ul style="list-style-type: none"> Абсорбция дәлдігі: 1% (100 нг/мкл кезінде) Сініру диапазоны: 0 – 400 абс (10 нм баламасы) Дәлдігі: 3% (0,97 А, 302 нм кезінде) Анықтау шегі: 2 нг/мкл (дЦДНҚ) 	1

		<p>Максималды концентрация: 20 000 нг/мкл (дНК), 16 000 нг/мкл (РНК), 200 мг/мл (BSA), 100 мг/мл (IgG)</p> <p>Өлшеу уақыты: 5 сек</p> <p>Үлгінің минималды көлемі: 1 мкл</p> <p>Жол ұзындығы: 0,05 – 1,2 мм (автоматты реттеу)</p> <p>Жинақтама:</p> <p>Наноспектрофотометр – 1 дана</p> <p>Микрокөлем пьедесталына арналған қақпак – 2 дана</p> <p>Кювета блоктаушы – 1 дана</p> <p>Кюветалар – 3 дана</p> <p>Куат сымы – 1 дана</p> <p>Нұсқаулық – 1 дана</p>	
	Барлығы		1

Фылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Фылымды дамыту жөніндегі жобалық қенсе басшысы

А.Айымбетова

Фылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымшада жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері енгізілуі тиіс.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуіші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар еkenін растайды және оған кепілдік береді.

Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологи ялық, табигатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтүі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаган болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізуіші тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушиден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушиңің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.

